

Жасөспірімдер психологиясы.

Авторы: Жұмабай Аружан Серғалиқызы.

Сыныбы: 11 сынып оқушысы.

Мекен-жайы: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу елді-мекені.

Жасөспірімдік кезең — адамның өміріндегі ең сезімтал шақ. Бұл сәтте адам өзін тауып, қызығушылықтары мен айналысуға мүмкіндік алады. Жасөспірімдер арасында түрлі жағдаяттар болып жатады. Ал қауіпті жағдайлардың алдын алу ата-ана міндеті. Оларға ненің дұрыс ненің бұрыс, қалай ортаны сыйлау т.б үлкен маңызы бар тәрбиені бойына сіңдіру қажет. Ал баланың психологиялық тұрғыдан дайындау немесе соққы алуымен қалай күрессек болады?

Бала таңертеңгісін оянғанда ас үйдегі әке-ананың күлкісін естіп оянса олардың бір-біріне жылы сөйлеп, күліп-ойнап жүретін шақтарын да көрсе баланың психологиясына әсері қандай деп ойлайсыз?

Әрине оң жақты әсер қалдырады баланың өсіп дамуына. Бала сырға берік, жанашыр, түсінігі мол және эмоционалды тұрақты болып келеді. Бала отбасыда еркін өсер болса кейбір мәселелерге бейжай қарамастан, барып айта алатын әке-анасы және түсініп тыңдайтын жандардың барын сезінуі тиіс.

Балаға оның ортасыда әсер қалдырады. Егер баланың ортасы толық, парасатты жандардан құралса, сіздің де балаңыз өзіне ең сапалы қасиеттерді өзіне алып алмасына кім кепіл бола алады?

Сондай-ақ жасөспірімге ортаны қалыптастыру тәртібінде жүзеге асыру да қажет. Жасөспірім уақытта бала пір тұтатын жанды табады, ал егер сол жан сізге ұнамаса балаға түсіндіріп уақыт беру қажет. Бала ол жаста әртүрлі болып құбылады, сіз тек ол жанның әрекетіне сеніңіз.

Қорытындылай келе бала-балалықпен өсуі үшін ата-ана жақсы өмір, тәтті балалық шақ сыйлауға міндетті. Баламен сырлас болу, жиі сөйлесу, әртүрлі тақырыптарды талқылау, оның таңдаған сүйікті ісіне қолдау білдіру, кейбір теріс әрекеттеріне бейжай қарамауға тырысу қажет. Сонымен балаға қолдау білдіру, құлағанда тұрғызу ол үшін маңыздылығын түсінуге тырысыңыз.

Саналы,сапалы балалық шақ-болашақ саналы,сапалы өмірдің алтын көпірі.